

**«Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу
кұқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сыбайлас
жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Шаян ауылы

№3

«27» шілде 2023 жыл.

Төрағалық етуші: Г.Шардарбекова

Шақырылғандар: Аурухана қызметкерлері

Қатысқандар: Бәйдібек аудандық мәслихатының төрағасы **Кенехан Асқар**, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы **Омарбеков Бақыт**, жазушы **Серікбай Тұржан**, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы **Бағдат Қалаубай**.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмысын жүргізетін топ мүшелері:

Б.Рысбеков

Б.Айтуаров

Ж. Сейітқали

М.Тлепов

Б.Теміров

Ғ.Карибаев

К.Ержанов

Күн тәртібінде:

Күн тәртібіндегі: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша жүргізілген ішкі талдау жұмыстарының қорытындысын алдын ала жария талқылау туралы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жұмысшы тобының мүшесі **К.Ержанов** атқарылған іс шараға тоқталып өтті; Бәйдібек аудандық орталық ауруханасында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы» үлгілік ережеге сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылып, жауапты маманға жүктеліп, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты», «Корпоративтік әдеп және мінез-құлқы кодексі», «Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын реттеу ережесі» және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша нұсқаулығы» бекітілген.

Ішкі талдаудың кезеңі 2023 жылдың 23-маусым мен 7-тамыз аралығы болып бекітілген. Ішкі талдаудың қамту кезеңі 2022 жылдың қаңтар айынан 2023 жылдың маусым айы аралығы қамтылды.

Ішкі талдау жүргізу кезеңінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

Осы аралықтағы құжаттар тексерілген кезде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен көріністерінің ықтималдығы анықталған жоқ.

Сөз алған : Аудандық маслихаттың төрағасы Асқар Кенехан, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу керектігіне баса назар аударып, жұмысты заң аясында істеуге шақырып, ішкі талдау жұмыстың қорытындысын жария талқылағанның дұрыс нәтижие беретіндігін айтты.

Өз пікірірін білдірген жазушы С.Тұржан: әділетті Қазақстанды әркім өзінен бастау керектігін, өзін соған тәрбиелеп жұмысты адалдық пен тәртіпке бас иіп жұмыс істеуге, сыбайлас жемқорлықпен қоғам болып күресуді айта келе, ішкі талдау жұмыстарына дұрыс деген бағасын беріп өтті.


Жарыс сөзге шыққан: Қоғамдық ұйымның төрағасы Б.Омарбеков, ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Қалаубай, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша жүргізілген ішкі талдау жұмыстарының қорытындысын тыңдап, заңдылық пен қызметтік тәртіпті қатаң сақтау керектігіне баса назар аударуды айтып өтті.

Осы жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып жиналыс төрағасы және жиналысқа қатысқандар

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша жүргізілген ішкі талдау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Осы жұмыс комплаенс офицеріне жүктелсін.
2. Заңдылық пен қызметтік тәртіпті қатаң сақтап, заң шеңберінде жұмыс атқарып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдардың және басқа да нормативтік құқықтық актілердің бұзылмауын қатаң сақтасын.
3. Жиналыстың қорытындысы туралы ақпарат аурухананың сайтына және әлеуметтік желілерге жариялансын.

Төраға:



Г.Шардарбекова

Хатшы:

Р.Жақсанова